

**Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған
гимназиясы**

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №3

Өткізілген уақыты: 18.05.2020 ж

Қатысандар: 9 адам

Қатыспағандар: 2 адам

Күн тәртібінде

1. Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия директоры лауазымының бос орнына үміткер А.К.Дюсембаевтың кандидатурасын қарастыру.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Ералиева Балқия Айдаровна қамқоршылық кеңес мүшелеріне жиынға қатысып отырған облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Аязбаев Еркімбек Мұхатайұлы мен бас маман Жанке Ляззат Аизбергеновнаны және күн тәртібін таныстырды. Кандидат А.К.Дюсембаев туралы объективті анықтаманы баяндап, сөз кезегін берді.

А.К.Дюсембаев кеңес мүшелеріне «Мектепті дамытудың перспективалық жоспарын» ұсынды. Жоспар бойынша келесі бағыттарды айқындады:

Мектептің құрылым жұмысына жаңашылдық енгізу:

- Үш тілде білім беру «Тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу» тақырыбында тұжырымдамасын жасау.
- Дарынды оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелендіру.

Білім мазмұны:

- Ағылшын, орыс, қазақ тілін тереңдетіп оқытатын сыныптардың санын арттыру.
- Ағылшын тілінде элективті курстар енгізу;
- Оқушылар мен мұғалімдерді ағылшын тілі бойынша өткізілетін халықаралық, республикалық, облыстық байқауларға қатысуға жағдай жасау.
- Үш тілде оқу – әдістемелік кешендерді электрондық нысанда даярлау.

Оқыту әдістерінің технологиясы:

- CLIL стратегиясы бойынша шеберлік сағаттар ұйымдастыру.
- STEM білім беру дамыту проектісі негізінде іс- шаралар ұйымдастыру.

Маманмен қамту:

- Бірінші, жоғары санатты мұғалімдер 90% жеткізу
- ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтердің санын арттыру
- Магистр дәрежесі бар бейіндік мектеп педагогтерінің үлесі

Ғылыми- әдістемелік өркендеу

- Үш тілде оқыту бағдарламасы негізінде жұмыс істейтін озық мұғалімдердің іс тәжірибесін тарату, тәжірибе алмасу.
- «Абайды үш тілде оқимыз» бағдарламасын енгізу.

- ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, үштілдің үйлесімділігі негізінде ғылыми жоба жұмыстарының қатарын көбейту

Мектептің тәрбие дәстүрі..

- Кіші Сәтбаев олимпиадасы (ЖОО ғалымдарының қатысуымен)
- TEDX форматында конференция өткізу.
- Үш тілде әдеби кештер.
- "Ұшқыр ой алаңы" пікірталас турнирін үш тілде өткізу.
- «Жұлдыздар жарқырайды» атты шоу бағдарлама ұйымдастыру..

Материалды техникалық қор.

- Физика, химия, география, биология кабинеттерін жабдықтау.
- Қазақ тілі, домбыра кабинеттерін, мәжіліс залын жаңарту.
- Мультимедиялық кабинетті жаңарту, мультимедиялық құралдар алу.
- Ардуина, stem зертханасын ашу.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Е.М.Машгутов даму жоспарына қытай тілін, Г.М.Курлеутова мектеп ауласында балаларға демалатын орнын қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ 6 сынып М.М.Есельбаева мектеп директорының ер адам болғанын қолдайтынын жеткізді. Себебі ер балалар басшыға қарап бой түзейді, еліктейді.

Кеңес төрайымы Б.А.Ералиева үміткер А.К.Дюсембаевтың кандидатурасын дауысқа салуды ұсынды.

Нәтижесінде:

Қолғандар-9 ;

Қарсы- 0

Қалыс қалғандар-0

Шешім:

1. Гимназия директорының лауазымына Дюсембаев Аскербек Култаевичтың кандидатурасын қолдаймыз және байқаудың келесі кезеңіне қатысуға ұсынамыз.

Ералиева Б.А. *[Signature]*
 Машгутов Е.М. *[Signature]*
 Есельбаева М.М. *[Signature]*
 Курлеутова Г.М. *[Signature]*
 Амирханова С.М. *[Signature]*
 Бейсебаева А.А. *[Signature]*
 Кәріз О.К. *[Signature]*
 Қосбергенова А.Т. *[Signature]*
 Талмұзғинова А.А. *[Signature]*